

*Қазақстан Республикасы
Президенті Архивінің
2019 жылғы жұмысы туралы*

ҚР Президенті Архивінде 2018 жылдың қараша айында ҚР Президенті Әкімшілігі Жалпы бөлімінің меңгерушісі Б. Темірболаттың қатысуымен Архив басшылығының кеңесі өткізілді. Кеңесте 2018 жылдағы жұмыстың нәтижелері, 2019 және одан арғы жылдардағы алға қойылған міндеттер талқыланды.

Кеңес нәтижесінде жасалған Іс-шаралар жоспары орындалды. Жоспардың 2.2.1. тармағына сәйкес Архивті «Е-архив» жобасына қосу ҚР Президенті Әкімшілігінің жұмыс бақылауында (орындалу мерзімі – 2021 ж. 30 желтоқсан).

2019 жылғы қаңтарда ҚР Президенті Әкімшілігі Архивтің және оның Нұр-Сұлтан қаласындағы филиалының 2015–2018 жж. аралығындағы қызметіне кешенді тексеру жүргізді. Тексеріс нәтижесінде жасалған іс-шаралар жоспарлары толықтай орындалды.

2019 жылғы 22–30 сәуірде Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Архивтің 2015–2018 жж. аралығындағы қызметіне мемлекеттік аудит жүргізді. Аудит нәтижесінде берілген ұсынымның орындалуы туралы ақпарат жолданды.

Архив толықтыру көздері болып табылатын мекемелерінде ақпараттық технологияларды енгізу, электрондық архивті жасау, әдістемелік құралдарды жасау, ведомстволық архив қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, тарихи-архивтік мұраны танымал ету бойынша жұмысын жалғастырды.

ҚР ақпараттандыру туралы заңнамасына сай Архивтің «Электрондық архив» бірыңғай ақпараттық-іздеу жүйесі өндірістік қолданысқа енгізіліп, «Электрондық үкімет» архитектуралық порталының ақпараттық жүйелер тізіміне енгізілді (тіркеу нөмірі KZ-П-190000222).

Ақпараттық технологиялар және электрондық архивті жеделдетіп жасау саласында деректер базасын жаңарту, сканерден өткізілген құжаттарды жүйелеу, тізімдемелерді электрондық түрге көшіру бойынша жұмыс жүргізілуде. 2019 жылы 2 758,2 мың беттегі 25232 іс электрондық түрге көшірілді. Архивті ақпараттындырудың 2020–2022 жж. арналған бюджеттік бағдарламасы дайындалды. Архив сайты жаңарту және дамыту жұмыстары жүргізілді (жаңалықтар бөлімі, RSS-арна), сайтты қарау саны 368,8 мыңнан асты.

Нұр-Сұлтан қаласында өткізілген «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» («Память во имя будущего») халықаралық форумында Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірлестікте дайындалған «Из истории депортаций. Казахстан. 1939–1945 гг.» құжаттар жинағының 3-томының тұсаукесері болды.

Қазақстан және шетел жоғары оқу орындары, ғылыми және архивтік мекемелермен байланыс нығая түсті. Әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ және Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетімен бірлестікте ТМД елдері жас архившілерінің III жазғы мектебі ұйымдастырылды. Архивтің 25 жылдығына орай «Қазіргі кезеңдегі архив ісі: мәселелер, тәжірибелер, инновациялар» II

халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция өткізілді. Конференция шеңберінде «Организация архивного дела в Казахстане: практики, проблемы, инновации» монографиясының тұсаукесері өткізілді, монография архив саласындағы өзекті мәселелер және қазіргі әдістемелер бойынша Архивтің ғылыми-зерттеу жұмысын қорытындылады. Абай атындағы Қазақ ҰПУ-мен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ-де архившілерді дайындау сапасын арттыру мақсатында Архивте Әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ құжаттану және архив ісінің оқу-өндірістік кафедрасы ашылды.

Архивті жаңа құжаттық кешендермен толықтыру бойынша іс-шаралар қабылданды. Мемлекеттік сақтауға 6859 іс қабылданды, оның ішінде «Қазақстан Республикасы Президентінің Телерадиокешені» КЕАҚ-тың 1995–1997 жж. бейнеқұжаттары – 395 іс.

27 қыркүйекте ҚР Президенті Әкімшілігі Жалпы бөлімінің меңгерушісі Н. Төлеевтің қатысуымен Архивтің Нұр-Сұлтан қаласындағы толықтыру көздері болып табылатын мекемелердің басшылары мен қызметкерлерімен кеңес өткізілді. Кеңесте Архивтің толықтыру көздері болып табылатын мекемелерінің 2016–2019 жж. іс жүргізу және құжаттарды архивтік сақтауды ұйымдастыруына талдау жасалып, қарар қабылданды.

Қазіргі кезде Архивтің толықтыру көздері болып табылатын мекемелер тізімінде 42 мекеме және қоғамдық ұйым бар, есептік кезеңде тізімге енгізілген: «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Кеңесі» ММ, «Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы «Орталық коммуникациялар қызметі» РММ, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, «Қазақстандағы «Мицва» қауымдастығы» ЗТБ, «Қазақстан кәрістерінің қауымдастығы» ЗТБ, Қарашай және балқарлардың «Бірлік» қауымдастығы.

Архивтің толықтыру көздері болып табылатын мекемелерімен құжаттандыру және құжаттарды сақтауды дамыту жөнінде іс-шаралар жоспарларын орындау нәтижесінде 23 мекемеге архивтік құжаттар құндылығына сараптау жасау және 8472 істі мемлекеттік сақтауға тапсыруға дайындау бойынша әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсетілді. Сараптау көлемінің ұлғаюы ҚР Сыртқы істер министрлігінің 2005 ж. құжаттарын жоспардан тыс сараптау, «Nur Otan» партиясының 2013–2016 жж., Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2017 ж., ҚР Президенті Іс Басқармасының 2017 ж. құжаттарының артуына байланысты болды.

Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында архивші және іс жүргізуші қызметкерлерге құжаттандыру және архивтік сақтау бойынша 12 семинар өткізілді.

Келесі мекемелерде 8 кешенді және бақылау тексерістері жүргізілді: ҚР Сыртқы істер министрлігі, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, ҚР Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім» РММ, ҚР Президенті Іс Басқармасының Медициналық орталығы, «Nur Otan» партиясы, «Nur Otan» партиясының саяси менеджмент мектебі, «Ахысқа» түрік этномәдени орталығы, «Алмалы» корпорациясы» ЖШС.

Алқа отырыстары өткізілді.

Архивтің Сараптау-тексеру әдістемелік комиссиясының 15 отырысында мекемелер жіберген тізімдемелер, істер номенклатуралары, құжаттар бойынша 104 сұрақ қарастырылды.

Дирекцияның 7 отырысында Архивтің ағымдағы жұмысы бойынша 18 мәселе қарастырылды, оның ішінде Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі есеп комитетінде, ҚР Президенті Іс Басқармасының Медициналық орталығында іс жүргізу және құжаттарды архивтік сақтау жағдайы туралы есептер тыңдалды.

Ұлттық архив қорының сақталуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданды. Архивтік құжаттарға қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді (25,4 мың бет). Сақтандыру қоры үшін 1705 сақтау бірлігіне 160 мың микротаспа фотокошірмесі жасалды.

Тарихи-архивтік мұраны танымал ету ұйымдастырылды. Есептік кезеңде 13 тарихи-құжаттық көрме өткізілді: Алғыс айту күніне, «Нұр Отан» партиясының 20 жылдығына, академик Қ. Сәтпаевтың 120 жылдығына, Архивтің 25 жылдығына, ҚР Тұңғыш Президенті күніне, Қазақстанның қоғамдық-саяси қайраткерлері С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, Т. Рысқұлов, С. Қожановтың туғанына 125 жылдығына орай.

Архив құжаттары үлкен сұранысқа ие, көлемі жылдан жылға ұлғайып келеді. Оқу залына зерттеушілерге, архив қызметкерлеріне, анықтама үстеліне 41 мың іс берілді.

Азаматтардың архивтік ақпарат алуға конституциялық құқы және олардың заңды мүддесін қорғауға ерекше көңіл бөлінді. Есептік кезеңде мекемелер мен азаматтардан түскен 458 әлеуметтік-құқықтық және тақырыптық сұраныс орындалды.

БАҚ, Интернет және әлеуметтік желілер арқылы архив қорларының құрамы мен мазмұны туралы ақпарат берудің нәтижесінде зерттеушілердің саны артты. Оқу залына 497 зерттеуші келді, оның ішінде 21 – шетелдік (АҚШ, Венгрия, Ұлыбритания, Түркия, Жапония, Қытай, Франция, Австрия, Австралия, Польша, Ресей).

Архив құжаттарын ғылыми жариялау саласында «Из истории депортаций. Казахстан. 1945–1956 гг. Книга 4», «Ж. Шаяхметов. 1938–1955», «Б. Қазыханова. Құжаттар жинағы» жинақтарын дайындау бойынша жұмыстар жалғасты.

Архив құжаттары бойынша ақпараттық-анықтамалық басылымдарды дайындау жалғасты. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік билік органдары. 2011–2015 жж.» анықтамалығының төртінші басылымын дайындау жүргізілді.

Архив имиджін дамыту бойынша жұмыс жүргізілді.

Архив қызметін жүйелі түрде көрсету үшін 2019 жылға арналған оқиғалар және медиа-жоспары бекітіліп, ол жүзеге асырылды.

Нұр-Сұлтан қаласында Архив күндері өткізілді. Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік архивінде ұйымдастырылған іс-шараларға Ақмола, Жамбыл, Қарағанды облысының өкілдері қатысты.

Архив қызметі жайында тұрғындарды хабардар ету бойынша жұмыс белсенді түрде жүзеге асырылды. БАҚ-та Қазақстанның жаңа саяси тарихы, құжаттану және архивтанудың өзекті мәселелері бойынша 139 хабарлама (ақпарат) жарық көрді, оның ішінде 75 – Архив қызметкерлері дайындаған.

Архивтің іс-шаралары туралы ақпарат Архив веб-сайтында (<http://archive.president.kz/>), facebook әлеуметтік желісінде белсенді түрде жарияланды.

«Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Вечерний Алматы» газеттерінде Архивтің 25 жылдығына орай, «Егемен Қазақстан» газетінің 100 жылдығына орай мақалалар жарияланды.

«Хабар», «Хабар 24» арналарында, «Қазақпарат», «E-history.kz» сайттарында «Архив-2025» бағдарламасының негізгі қағидалары туралы, Нұр-Сұлтан қаласында өткізілген Архив күндері туралы ақпарат берілді.

«Казахстанская правда» газетінде Архив директоры Ж. Әбдіқадырованың Архивтің 25 жылдығына орай берген «Хранители памяти» сұхбаты, «Хроники цифрового формата», «История в документах» мақалалары басылып шықты. «Егемен Қазақстан» газетінде «Президент Архивіне – 25 жыл», «Ататегін іздеуші архивке барады» мақалалары жарық көрді.

«Коре Ильбо.kz» газетінде ҚР Президенті Архиві және Корея Ұлттық архивінің (НАК) ынтымақтастығы туралы «Сотрудничество, интересное для всех» материалы басылып шықты.

«Deutsche Allgemeine Zeitung» газетінде Австриядан келген ғалымдармен Архив өткізген іс-шарасы туралы «Встреча «Архивы и общество»: профессор Штефан Карнер (Австрия)» мақаласы басылып шықты.

«Хабар» телеарнасының «Жеті күн» бағдарламасында «Архив-2025» бағдарламасын архивтердің орындауына арналған «Мемлекет басшысы «Архив-2025» бағдарламасын қолға алуды жүктеді» және «Тайны архива» бейнесюжеттері көрсетілді.

Архив әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ және Абай атындағы ҚазҰПУ студенттері арасында құжаттандыру және архив ісі бойынша IV қалалық студенттік олимпиадасын өткізді. Іс-шара Қазақстандағы Жастар жылына орай өткізілді және студенттердің шығармашылық белсенділігін арттыруға, құжаттанушы және архивші мамандықтарын танымал етуге бағытталған.

Архив қызметкерлері Қызылордада өткен III Республикалық жас архившілер конкурсына қатысты. Конкурсты Архив алғаш рет 2015 жылы жас архившілердің біліктілігін арттыру және тәжірибе алмасуы үшін өткізген болатын.

Халықаралық қатынастар одан әрі дамыды. Бұл бағытта Ресей, Польша, Италия, Оңтүстік Корея, Италия, Өзбекстан, Қырғызстан архившілерімен серіктестік жұмыс белсенді жүргізілді. Архив және Польшаның Ұлттық жады институты архивінің арасындағы ынтымақтастық туралы келісімдерге сай Архив директоры Ж. Әбдіқадырова, Құжаттарды пайдалану басқармасының басшысы Б. Қасенов Варшава және Гданьск қалаларында архивтік тәжірибе алмасу бойынша іс-шараларға қатысты.

Архив қызметкерлері Б. Шайлазымов, Ж. Зейнелов, Г. Дүйсенова Кореяның Ұлттық архивінде (Сеул қ.) RAMP (Records and Archives Management – жазбалар мен архивтерді басқару) бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курстарына қатысты.

Архив директоры Ж. Әбдіқадырова, директордың орынбасары Ә. Мұстафина Триест және Марибор халықаралық архивтану институтының

атқарушы кеңесінің шақыруымен 29-шы Халықаралық архив күніне орай Архивтердің халықаралық кеңесінің (ИСА) қатысуымен Словенияның Копер қаласында өткізілген «Архив ғылымы және қоғамдағы өзгерістердің архивтік теория және тәжірибеге ықпалы» тақырыбындағы халықаралық конференцияға және 13-ші Халықаралық күзгі архив мектебінің жұмысына қатысты.

Директордың орынбасары Ә. Мұстафина Бишкекте өткізілген Халықаралық Архивтер Кеңесінің Еуразия өңірлік бөлімінің (Евразика) «Современные проблемы в области использования архивных документов» тақырыбындағы 20-конференциясына қатысты.

Архив қызметкерлері Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Италия, Польшада өткізілген 21 ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, баяндама жасады.

Назарбаев университетінің профессоры Д.Мун (Йорк университеті, Ұлыбритания), электрондық құжаттарды сақтау маманы К. Макфаден (Миннесота университеті, АҚШ) қатысуымен кездесулер ұйымдастырылды. Онда дыбыс-бейне құжаттарын қазіргі компьютерлік технологиялар, оның ішінде архив құжаттарының 3D бейнелерін жасау арқылы сақтау және қалпына келтіру мәселелері талқыланды.

«Архив және қоғам» іс-шаралар циклының аясында Архивте Геттинген зерттеу орталығының Германдық және шығыс-еуропалық зерттеулер институтының атқарушы директоры А. Айсфельден, Л. Больцман атындағы Соғыстар салдарын зерттеу институтының (Австрия) тарихшы ғалымдары Ш. Карнер, Д. Бахер, Х. Кноль, Й. Фогель, П. Фельхизпен, Қазақстан Республикасындағы Жапония елшілігінің кеңесшісі О. Соитиро, Алматы қаласындағы Литва Республикасының бас консулы Д. Виткаускаспен кездесулер өткізілді.

Қоғамдық кеңестің 2 отырысы өткізілді, онда «Архив-2025» бағдарламасы, ағымдағы жұмыс, алдағы жоспар талқыланды. Архивтің Ғылыми кеңесінің отырысында «Из истории депортаций. Казахстан. 1945–1956. Книга 4» жинағының жоспар-проспекті бекітілді, «Организация архивного дела в Казахстане: практики, проблемы, инновации» ұжымдық монографиясының қолжазбасы, «Жумабай Шаяхметов. 1938–1955 гг. Документы и материалы» қолжазбасы баспаға ұсынылды.

ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының тыңдаушылары үшін басқаруды құжаттамамен қамтамасыз ету, құжаттарды архивтік сақтау, ақпараттық технологиялар бойынша дәрістер мен тәжірибелік сабақтар жүргізілді.

Архив базасында Әкімшілік және ақпараттық технологиялар институтымен бірлестікте мемлекеттік, ведомстволық және жеке архивтер қызметкерлері үшін архивтану және құжаттану бойынша біліктілігін арттырудың 4 күндік курстарының 3 циклы ұйымдастырылды (оның ішінде 2 – Тараз, Шымкент қалаларында).

Ғылыми-анықтамалық аппарат, картотекалар, каталогтарды жүргізу мәселелерін тәжірибелік зерттеу, құжаттық аппараттың бірыңғай жіктеуішін жасау қажеттілігін және ғылыми-анықтамалық аппаратты цифрлық түрге аударуды зерттеу үшін Архивте Ғылыми-әдістемелік орталықтың жұмысы

ұйымдастырылып, архив мекемелері, Архивтің толықтыру көздері болып табылатын мекемелердің іс жүргізу және архив қызметкерлерінің қатысуымен 11 семинар-практикум өткізілді.

Архив қызметкерлері аса құнды құжаттарды айқындау, сипаттау есепке алу және сақтау бойынша, істер номенклатурасын, істер тізімдемелерін және оларға ғылыми-анықтамалық аппарат жасау, істерді жоюға бөлу туралы актіні жасау, SMA 35 сканерінде сақтандыру қорына микрофиша жасау, қағаз тасығыштардағы архивтік құжаттарды сканерлеу, құжаттық көрмелерді дайындау мәселелері бойынша 10 ақпараттық-әдістемелік басылымдар жасады.